

## **2021-2022 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың жүргізген жұмысына талдау**

Оқу жылы басында ата-аналардан келіп түскен етінші бойынша класс жетекшілер, ата-аналар комитетінің төрайымы және мектептің әлеуметтік педагогы А.К.Қалсаева катысусымен әр отбасының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайының зерттеу актісі жасалды. Осы зерттеу актісінің негізінде мектептегі аз қамтылған отбасы балаларының тізімі құрылып, ол мектеп басшысы тарарапынан бекітілді. 1-11 кластар бойынша оқу жылы басында аз қамтылған отбасы балаларының саны – 29 окушы. Оқу жылы аяғында аз қамтылған балалар саны – 32

Оқу жылы	Барлығы	оның ішінде		
		Аз қамтылған	АСП	корғаншылықта
2021 - 2022	32	5	27	-

2021 жылдың қыркүйек айында откен «Мектепке жол», желтоқсан, наурыз айларында откен «Қамқорлық» акциялары кезінде аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына демеушілер, ЖББ қорынан жан-жақты көмек берілді. Атап отсек, оқу қуралдары, киім-кешектер. Әр етілген акцияның бүйрығы шыгарылып, жұмыс жоспары құрылды.

Мектеп оқушылары арасынан әлеуметтік жағдайы томен аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары оқу жылының басында мектептен қажетті оқулықтармен қамтылды.

Желтоқсан айындағы «Қамқорлық» акциясында аз қамтылған отбасы балалары Жаңа жылдық сыйлықтар қамтылды.. Сонымен қатар, үйден оқытушылатын 3-9 класс оқушысы Талғатқызы Аминаға, Жаңа жылдық сыйлық табыс етілді.

**Аз қамтылған отбасы оқушыларының жазғы демалысының үйымдастырылуы:**

### **Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу барысы**

2021-2022 оқу жылының басында мектепте оқушылар арасында ыстық тамақты үйымдастыру туралы, мектеп оқушыларын тамақпен қамтуды үйымдастыру және тамақтың сапалы дайындалуын тексеретін мектепшілік комиссия құру туралы, тамақтанудағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы бүйрықтар шыгарылды. Осы бүйрықтар негізінде арнайы бір жылдық жұмыс жоспары құрылды. Екі аиталық ас мәзірі Ақтөбе қалалық тұтынушыларының құқықтарын қорғау басқармасы тарарапынан бекітілген. Жеке көсіпкер Г.Уралбаева 1-11 класse оқушыларына тамақтануды үйымдастыру қызметіне байланысты және ЖББ қорынан оқушыларға ыстық тамақты үйымдастыру бойынша қызмет көрсетуге байланысты жасалған көлісімшарттар негізінде мектебіміздің асханаасын жалға алғы жұмыс жасады.

Оқушыларға берілетін ыстық тамақ Ақтөбе қалалық тұтынушыларының құқықтарын қорғау басқармасы тарарапынан бекітілген екі аиталық ас мәзірі бойынша өзірленді. Оқу жылы бойы ЖББ қорынан болінген қаржы есебінен 1-11 кластың аз қамтылған 32 оқушысы тегін ыстық тамақпен толық қамтылды. Аз қамтылған отбасы оқушыларына күніне 507 теңге колемінде тегін тамақтануға талон таратылды. Мектепте тамақтаңдыру ісін жетілдіру мен азық-түлік тағамдарын дәрүменді-минералды кешендермен байту және дұрыс тамақтануды насыхаттау мақсатында мектебімізде казан айының 13-22 күндері аралығында «Дұрыс тамақтану – салауаттылық негіз» такырыбында онқундік үйымдастырылып, мектеп оқушыларының тамақтануы бойынша түрлі шаралар етті. Мектеп психологи оқушылардың жас ерекшілігіне қарай сауланама алғып, мектеп дәрігері мен медбике тарарапынан оқушылармен кездесулер үйымдастырылды, ашық сабактар откізілді, көрмелер үйымдастырылды.

### **Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс есебі.**

**Мақсаты:** әлеуметтік педагогтың жыл бойы аткарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, оқушылармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың корытындысын шыгару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін үсіністар жасау

**Жұмыс объектісі –** оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

**Мектептің оқушыларының әлеуметтік тұрмыстық жағдайының зерттеу барысы бойынша жүргізілген жұмыстар**

Жоспар бойынша оқу жылының басында мектептегі окушылардың тұрмыстық жағдайын тексеру актісі жасалды. Осының негізінде мектептің әлеуметтік төлкүжаты жасақталды.

**№39 орта мектебінің әлеуметтік төлкүжаты**  
Окушылардың барлық саны - 944

**Жанұя құрамы:**

Көп балалы жанұя - 31

Толық емес жанұя - 114

Аз қамтылған - 32

Жағдайсыз жанұя - 0

Қамқоршылықтары, жетім бала - 0

Ата-әжесімен бірге тұратын бала - 72

**Тұрмыстық жағдайы:**

Жалдап тұратын - 93

Саяжайда тұратындар- 60

**Мектептен тыс мекемелерге қатынасатын окушылар:**

Музика мектептерінде - 27

Спорт секцияларында - 101

Театр студияларында - 12

Би үйірмелеріне қатысушылар - 90

Сурет, енер студияларында - 20

**Окушылардың деңсаулық жағдайы:**

Үйден оқытылатын окушылар -1

K/c		Саны
1	Әкесі жоқ балалар	24
2	Анасы жоқ балалар	9
	Тәуекел тобына жататын балалар 1. Мектепшілік қызын балалар 2. КДН-ге тіркелген балалар	0 0
5	Сәтсіз жанұя 1. Ішімдікке әуес ата-аналар 2. Бала тәрбиесімен айналыспайтын ата-аналар 3. Баласын тәрбиелеуге алі келмейтін ата-аналар	0 0 0

**Атқарылған жұмыстардың жақсы тұстары:**

1. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларға мүмкіндігінше көмектер берілді. Окушылар мен ата-аналары мектеп әкімшілігіне алғыстарын білдірді.

**Ұсыныс:**

Келесі оқу жылында аз қамтылған отбасы окушыларын үйірмелермен қамтамасыз ету жағын қарастыру.

Класс жетекшілерімен бірлесе отырып, аз қамтылған отбасы окушыларын қаламыздагы мәдени орындарға көбірек апару.